

18 20 22 24 26 28 30 32 34 36 38 40 42 44 46 48 50 52 54 56 58 60 62 64 66 68 70 72 74 76 78 80 82 84 86 88 90 92 94 96 98 100

Shri Ramakrishna



Серікқазы ҚОРАБАЙ

## ЖЫРДЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары туған халқын жаңа даму жолына бастап, өнер, білім, ғылым өріне жетелеуге күш жұмсады. Ұлт тағдырын жеке бастарының қамынан артық санады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған Алаш қайраткерлері барлық күш-қайрат, ақыл-ойларын ұлт мүддесіне жұмсап, халқын қайткенде озық елдер қатарына қосуды арман етті. Қазақ санасын ояту жолында ұран көтеріп, осы істің басы-қасында жүрген қажырлы қайраткердің бірі, биыл туғанына 125 жыл толатын жырдың жарық жұлдызы, аса көрнекті ақын, әдебиет зерттеуші, аудармашы Мағжан Жұмабаев болатын.

Бүкіл түркі әлемінің ақыл-ойының кемеңгері Мағжан Жұмабаев – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін ілгері дамытқан, қазақ өлеңіне терең өзгерістер енгізген асқан сөз шебері, ел тағдырын, жер тағдырын ойлап, мұң-зар кешкен, ұлт бостандығы жолында жапа шеккен қайраткер ақын. Өзі ұстанған бағыттан бас тартпай, жеке көзқарасынан таймаған өр ақын кеңестік заманда осы қайсарлығы үшін де қуғынға ұшырап, шығармашылығы енді шарықтай бастаған тұста әділетсіз кезең құрбаны болды.

XX ғасыр басындағы түркітілдес халықтардың арасына: «қаным – башқұрт, тәнім – татар, жаным – қазақ» деп тәмсіл айтқан татардың ұлы жазушысы Ғалымжан Ибрагимов өзінің 1911 жылы жарық көрген «Қазақ қызы» атты романына өзі ұстаздық еткен атақты «Ғалия» медресесінде оқыған зерделі шәкірті Мағжанның он жеті жасында жазған «Айға» деген өлеңінің:

“Кең дала, көресің ғой, ана жатқан  
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.

Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,

Әне, сол анам еді мені тапқан”, –

деген шумағын эпиграф етіп алуы көп жайтты аңғартса керек.

Ұлы Абайдан соң қазақ поэзиясы көгінде жарқырап жанған хас таланттың бірі Сұлтанмахмұт болса, бірі Мағжан еді.

Мағжан Жұмабаев – сегіз қырлы, бір сырлы аса ірі тұлға. Ол – лирик, ол – эпик, ол – аудармашы, ол – ұстаз, ол – педагог, ол – қоғам қайраткері. Ол – ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын. Оның өзіне ғана тән үні, таңғажайып әуенді жыры бар.

“Мағжан – ұлтын шексіз сүйіп өткен ұлтшыл ақын.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,

Маған атак ұлтым үшін өлгенім!

Мен өлсем де алаш өлмес, көркейер,

Істей берсін қолдарынан келгенін!” –

деп ой түйеді. Бұл оның соңғы шешімі, ақырғы анты болды. Ақын сол сертінен тайған жоқ.

Мағжан өзінің күдіретті талантымен Абай поэзиясының аса нәзік, сұлу жағын – лириканы, асыл махаббат жыры мен жарасымды табиғаттың тылсым сырын шебер суреттеуімен дара дамытты. Абайдың ел болу арманын әрі қарай жалғастырды. Ұлы ақынның көздеген мақсатын ту қып ұстады. «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым», – деп өксіп өткен Абай мұраты оның дәстүрін жалғастырушы Мағжан сынды мұрагеріне мирас болып қалды. Алаштың арда перзенті осы ұлы ойды өз мұратының шыңы деп білді. Сондықтан да қазақ қамы оның жыр әлемінің басты өзегіне айналды.

Есейген шағында халқының сол кездегі мүшкіл халін көрген соң елінің бұрынғы даңқты тарихына бет бұрып, көне түркілік кезеңге үлкен құрметпен қарау тақырыбына ойысты. Орта ғасырлардағы қазақ тарихынан таңдап алған тұлғалары Асан Қайғы абыз, ұлы хан Абылай мен оның даңқты батырлары, өнері асқан тылсым талант иесі – Қойлыбай бақсы. Жеке өлеңдерінде түркілік сарын басым. Заманында дәуірлеген Түрік қағанатын қайта тірілтіп, туған халқының терезесі тең ел болуын көксеген арман жатыр.

Қазақ қамын дәл Мағжандай ашына, қамыға жырлаған ақын жоққа тән десе болады. Қайшылықты кезеңде өмір кешкен ақын шығармашылығы халық жүрегінен жылы орын алды. Оның жырларындағы ұлт тағдырына байланысты көкейкесті мәселелер кеңестік билік жүргізген саясаттан әлдеқайда биік еді. Ақын кеңестік идеологияның таптық шеңберімен шектелмей, таза ұлттық, жалпы түркілік, бүкіл адамзатқа ортақ көзқарас ұстанды. Ол жан-тәнімен отаршылдық психологияға қарсы болып, халқының тәуелсіз ел болуын аңсады. Қызыл империяның әділдік,

теңдік сияқты жалған ұрандарына сенбеді.

Туған халқын азаттыққа шақырып, отаршылдық бұғаудан құтылу жолында ұлт санасын оятуға Мағжан өткір жырларымен батыл үн қосты. «Күншығыс» өлеңінде азаттық идеясын жалғастырып, отаншылдық жоғары рухты сезімін қуатты жыр жолдарымен айшықтады.

“Мұндарларды адасқан,  
Айрылып естен шатасқан  
Күншығыстың жолына  
Салайық, шетсін демейік,  
Аямайық, көмейік  
Күншығыстың нұрына...” –

деп туған халқын еркіндікке, болашақтың жарқын жолына үндейді.

Өзінің ішкі сезімін өзгеге ортақ ету, сол арқылы мыңдаған жүректерді селт еткізу ақынның талант күдіретін айқын білдірді. «Сүй, жан сәулем», «Гүлсім ханымға» сияқты махаббат туралы классикалық жырларымен қалың көпшілікті баураған Мағжан осындай ерекше талантты ақын еді.

Мағжан дарынының өзгеше қасиеті – оның ақындық талантының қуаттылығы, уыттылығы, оттылығы мен адам жанын арбап түсіретін ерекшелігінде. Оның «Қорқыт», «Қойлыбай бақсы» поэмаларынан ақын бейнесін байқауға болады. Ол Қорқыт, Қойлыбай сияқты тылсым күш иелерін сомдау арқылы олардан өз «менін» іздеді. Өзіне ұқсастық тапты.

Мағжанның негізгі ойы озық туындысы – «Батыр Баян» поэмасының кіріспесінде ақын тағдыры мен қайғы-қасіреті, тұлғалық портреті тамаша сомдалған.

“Ақында адамзаттан дос болмайды,  
Жалғыз-ақ сырын шертер қаламына”, –

деп ол өзін қоршаған ортаға да, өзі кез болған заманға да саяси қуғын-сүргін құрбаны болардан әлдеқайда бұрын айтқан.

Ақынның «Батыр Баян» поэмасы – қазақ әдебиетіне енген зор жаңалық, төл әдебиетіміздегі батыс-шығыс синтезінің айшықты көрінісі. Бұл туындыда эпикалық және лирикалық арналар тығыз тоғысқан. Поэманың бас кейіпкері Баян ел қорғаушы батыр да, күйіне-сүйіне білетін сезім иесі де. Осындай эпикалық және лирикалық сарындардың түйісуі ғажап көркемдік әсер қалдырады.

Мағжан Жұмабаев біздің ұлттық өркениет әлеміндегі биік шыңдарымыздың бірі де бірегейі. Ол қазақ өлеңінің өрісін кеңейтуге, әуезділігін арттыруға орасан еңбек сіңірді. Қазақ лирикасының сыршылдығын тереңдетті, адамның нәзік сезімдеріне тіл бітірді. Мағжан әлемдік поэзияда экологиялық тақырыпты алғаш жырлаушылардың қатарында көрінді. Ұлттық поэма жанрының баяндау стиліне өзгеріс енгізіп, оны суреткерлік арнаға бұрды.

Ақын шығармашылығындағы өзекті де өрелі өрістің бірі – түркі

тақырыбы. Түрікшілдік мұрат Мағжанға «Ғалия» медресесінде оқып жүрген кезінде Ғалымжан Ибрагимов сынды ұлық ұстазынан, татар түрікшілдерінен жұққан болуы керек. Оның түрікшілдік сезімі Түрік әлемінің ұлы қайраткері, Түркия Республикасының негізін қалаушы және оның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түрік халқының ұлт-азаттық соғысына арналған «Алыстағы бауырыма» деген өлеңінде ерекше байқалды:

“Бауырым, Сен о жақта, мен бұ жақта,

Қайғыдан қан жұтамыз.

Біздің атқа лайық па құл боп тұру?

Жүр кетелік, Алтайға, атамирас алтын таққа”, –

деп туыс халықты бар ниетімен қолдап, ақындық асқақ үнін қосты. Шетелде эмиграцияда болған Алаш көсемдерінің бірі Мұстафа Шоқай бұл жырды түрікшілдік күрес жолындағы ең қымбатты және ең пайдалы өлең деп жоғары бағалап, 1930 жылы өзі шығарған «Яш Түркістан» журналында жариялады.

Батыс пен Шығыс мәдениетінің рухани-эстетикалық тәжірибесіне қанығу қазақ поэзиясының бай мүмкіншіліктерінің көзін ашты, ұлттық поэзия дәстүрлерін дамытып байытты. Бұған Мағжан поэзиясы айқын дәлел бола алады. Осы ретте ол Қазақстан мен Орталық Азияда Шығыс пен Еуропа мәдениетінің тасқынын тоғыстыруға тұңғыш рет бет бұрған ақындардың бірі. Оның сүйікті ақындарының қатарында Абаймен бірге Пушкин, Лермонтов, Блок және басқалар бар. Абай үлгі алған батыс және орыс ақындарының легіне ол Фет, Брюсов, Бальмонт, Блок, Мережковский сынды өз заманының жыр жүйріктерін қосты.

Батыс және орыс әдебиеттерінің жетістіктерімен тоғысқанда Мағжан поэзиясы олардың жетегінде қалып қойған жоқ. Дүниежүзі астан-кестен болып, әр халық өзінің елдігін ойлап, ерлігін дәріптеп жатқан тұста озық ойлы ақын азаттық аңсаған халқына ұлт тарихында өшпес із қалдырған бабаларының ерлік дәстүрін үлгі етіп жырға қосты. Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған жаңа бағыт, жаңа жол ашты. Абайдың гуманистік дәстүрін жалғастыра отырып, көптеген өлеңдерінде халықтың ауыр тағдырын, патша шенеуніктерінің озбырлығын жырлады, халықты оқу-білімге үндеді, елдікке, ерлікке, бірлікке шақырды. Ол осылайша поэзияға өзіндік үнімен, өзіндік болмысымен келді.

Мағжан Жұмабаев – поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның шығармашылық тың ізденістері мен жаңашылдығы қазақ поэзиясын ХХ ғасырдың басында-ақ алдыңғы қатарлы Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. Мағжанның ақындық құдіретін жоғары бағалаған ұлы жазушы, ғалым Мұхтар Әуезов: «Мағжан – мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ

қауымынан ертерек шыққандай... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін», – деп жазды.

Қазақ әдебиеті классиктерінің бірі, академик жазушы Сәбит Мұқанов өзінің 1932 жылы Алматыда жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты іргелі ғылыми еңбегінде Мағжан Жұмабаевтың поэзиясына ерекше мағына беріп қарастырады. Кеңестік саясат ыңғайымен Мағжанның байшылдығын, ұлтшылдығын сынай келіп: «Ақындық жағынан келгенде Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетке жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ», – деп жоғары баға береді. Алаш ақындары мен жазушыларының ұлт әдебиеті тарихындағы орнын айқындай алған бұл зерттеудегі Мағжан шығармашылығы туралы көлемді тараудың қорытынды бөлімінде Сәбит Мұқанов: «Мағжанның әдебиет майданындағы істерін түгел жазу үшін өз алдына бір үлкен кітап керек. Біздің мақсат – Мағжанды түгін тастамай сынау емес, оның әдебиет тарихында алатын орнының мөлшерін көрсету. Мағжанды тексерудің бұл алды-арты болмақ емес, бұдан кейін де талай тексерулер болмақ» деп әлі күнге дейін құнын жоймаған салиқалы ой қалдырған. Шынында да, ақын ақталған кезден бергі соңғы отыз жыл шамасында Мағжан туралы біршама еңбектер жазылды. Қазір бұл үрдіс саябырлаған секілді. Бұдан, әрине, ұлттың ұлы ақынына деген құрметі төмендеп қалды деген ұғым тумасы анық. Мағжанның өзі де, жыры да мәңгілік, елімен, халқымен бірге жасай береді.

Мағжанның көркемдігі биік те қуатты жырлары – ұлттық поэзияның інжу-маржаны. Ақын мұрасын бүкіл түркі жұртына, бүкіл әлемге жан-жақты таныту қажет. Мағжан секілді алыптардың тұлғалық келбетін, өлеңдік тіл шұрайлылығын, сөз байлығын, көркемдік ерекшеліктерін ұрпақ санасына терең сіңдіріп, жүрегіне жеткізіп оқыту керек. Біздің мақсатымыз да осыны меңзейді. Мағжанды танып қастерлеу біздің елдік мәдениетіміздің анық көрсеткіші болмақ.

Мағжан Жұмабаев жырларының тек туған халқы ғана емес, бүкіл түркі әлемі зиялы қауымының санасы мен сезімін жаулап алып, аймақтық, тіпті, әлемдік мәдениеттегі ерекше құбылысқа айналғанын байқаймыз. Түркі халықтарының азаттығы жолындағы күрескер, башқұрт халқының ұлы перзенті, түркітанушы-ғалым Ахмет Зәки Уәлиди Тоған: «Қазақтың ұлттық ақыны Жұмабайұлы Мағжан... өз жырларын тікелей Еділ, Жайық, Сырдария, Ертіс, Жетісу бойын мекендеген қалың қазақ пен таулық қырғыздарға арнаса да, оларға бүкіл түркінің және Түркістанның шерін жеткізді, түркілердің бұрынғы шат-шадыман өмірін елестете білді», – деп Мағжанның бүкіл түркітілдес әдебиетке тигізген игі

ықпалын жоғары бағалады. Ал Мағжанмен бірге «Ғалия» медресесінде оқыған көрнекті башқұрт ақыны Сәйфи Құдаш: «Мағжан бұрын да ұмытылмаған, болашақта да ұмытылмайды», – деп тебірене жазды.

Шынында да, ақын жүрегін мазалаған ой-толғаныстар бүгінгі таңда бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, өз мәнін жойған жоқ. Қазір Мағжан поэзиясын Қазақстан ғана емес, бүкіл түркі әлемі біледі, оның жырлары шетелдерде де танымал. Біз Алаш ақынының өз Отанын азат, тәуелсіз ел ретінде көру арманының орындалғанын үлкен мақтаныш сезіммен айтамыз.

Мағжан – мәңгі жас, ол біздің замандасымыз. Себебі, нағыз поэзия өлмейді. Жүректе қалған із ешқашан да өшпейді. Мағжан өзінің шығармашылық, адамгершілік парызын, ұлт алдындағы перзенттік парызын молынан өтеп, болашақ ұрпаққа үлгі болып қалды.

«Орал тауы» деген өлеңінде Алаш ақыны түрікшілдік сезімін:

“Бір күн де сенің иең түрікеді,

Орынғып, көшіп-қонып жүріп еді.

Қорықпайтын таудан, тастан батыр жүрек,

Қойныңа жайыменен кіріп еді.

...Анамыз бізді өсірген, кайран Орал,

Мойның бұр тұңғышыңа, бермен орал!

Қосылып батыр түрік балалары

Таптатпа, қолын кесіп, тізгінге орал”, –

деген жыр жолдарымен айқын сездіріп, «Түркітілдес түгел бол!» идеясын сол бозбала шағында-ақ ту етіп көтерген болатын.

Міне, бүгін ақын армандаған түркі дүниесі бірлігінің идеясы ақиқатқа айналып, түркі мемлекеттерінің тәуелсіздігін, табиғи болмысын сақтай отырып, өзара байланыстарын нығайтып дамыту бағытындағы темірқазық болып отыр. Сондықтан қазіргі жаһандану заманында түркі халықтары алпауыт елдерге жұтылып кетпей, өзіндік ұлттық ерекшеліктері мен мәдениетін, руханияты мен мемлекеттілігін сақтап қалу үшін өзара ынтымақтастығын нығайтып, бірлігін бекемдей түсуі керек. “ТҮРКІСОЙ” халықаралық ұйымының 2018 жылды Мағжан жылы деп жариялауы, сол мақсат аясында Мағжан ақынның 125 жылдық мерейтойының бауырлас Түрік елінде бастау алуы – түркі дүниесі бірлігінің жарқын бір көрінісі, туысқан халықтардың тегінің, тілінің, рухани құндылықтарының бірлігі, біртұтастығы тарапындағы айқын бір белгі. Түркілік даму болашағының басты бір дәлелі.